

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 30-1 "Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 6-2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 қазанды № 24700 болып тіркелді

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІТІ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 18 қарашадағы № 30-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5866 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

корсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат хатшысының  
міндеттін атқарушы*

*M. Мукаев*

Мәслихаттың 2021 жылғы

30 қыркүйектегі №6-2

шешіміне қосымша

Мәслихаттың 2019 жылғы

18 қарашадағы №30-1 шешіміне

қосымша

**Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі**

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18883 болып тіркелген) бүйріғына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекітken ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітken мемлекеттік тұрғын үй құрылышы бағдарламасы шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін әлеуметтік

көмек немесе әлеуметтік қолдау түріндегі тұрғын үй сертификаттары Батыс Қазақстан облысы бойынша 1,5 (бір миллион бес жүз мың) миллион теңге мөлшерінде айқындалды.

3. Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттары:
  - 1) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;
  - 2) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
  - 3) толық емес отбасылар;
  - 4) денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, агроенеркәсіптік кешен және құқық қорғау салаларында еңбек қызметін жүзеге асыратын қажетті мамандар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК